



АНТЫН БҰЗҒАН
АҚ ХАЛАТЫЛAR

4-5 б.

Зұлматты жылдар
зобалаңы

6-9 б.

«Жақсы еді, дариға,
Жайлаукөл кештері...»

14-15 б.

Карттық жаспен
өлшенбейді

20-21 б.

Мырнақ сәндеудің
шебері


22-23 б.

Іскер де білікті
басшы

Алма УМАРОВА



Көзден аққан Қансы



Табыл ҚҰЛЫЯС

Ресми түрде 1937 жылы желтоқсанда ашылған «Алжир» лагеріне небары бір айдан кейін, яғни 1938-дің қаңтар айында Қазақстанның әр аймағынан, сондай-ақ Кеңес Одағына қарасты Белоруссия, Кавказ елдері, Орталық Азия елдерінің түкпір-түкпірінен вагондарға тиелген әйелдер әкеліне бастаған. Сол жылдары жазықсыздан-жазықсыз айып тағылып жеткізілген әйелдер саны 1500-ден асып жығылған. Солардың ішінде Алаш арыстарының жарлары да азапқа салынған еді...

Дала аянышты үнсіздік құрсауында. Жүрттың жүргегін қайғы басқан, бірақ ешкім мұң-зарын тіс жарып айтса алмайды. Белгісіз үмітті ақтық тынысы жарылқай алмайды. Ауылдың жатып атар қулары гана бозала таңнан жылмыңдал өркімнің тұрмыс, тірлігін бақылап алас ұрады. Міне, күн көтерілген кезде жер ошақ басында қазандагы ірімшікті түсіріп жатқан Файшага аяғын сылти басқан Бәтір келді де:

- Әлгінде тәрт әйел болып сөйлесіп түр едіңдер, үкіметті жамандадыңдар гой. Бәлкім, байың түрмеде тегін асқа тоғынып жатқасын, өзің қасына барғың келді ме? – деді.

- Үкіметте не шаруамыз бар, олар айран ашытатын үйтқы сұрады, от сұрады, шақпазын жоғалтып алғылты.

- Естерінде болсын, түндеге Қаспақбай өлді. Ол



Жас



соңғы сөзінде үкімет аштан өлтірді деп жаны үзілді. Назыз жау екен, білдіңдер ме, оны жерлеуге көмекке барсанғандар жауды қолдаған деп тұтқындастамын. Ірімшік, құрт, айран ішкен адам аштан өле ме? Жалғыз сиырын тартып алмай отырған үкіметке рахметтін айтпай ма? - деп Файшага ажал төндіргендей болып Бәтір кетіп бара жатты. Көп ұзамай түнде жүретін үштіктің қара машинасы Файшаны түрмеге әкетеді. Түрмедегі 30 жастағы Өтеш Жантасованың үш баласы елінде қалған, 29 жастағы Бибігайша Жарасова Темір ауданынан, 30 жастағы Тақтай Тәтімова мен Разия Қарлыбаева және басқаларын Ақтөбеде ұзақ тексеріп әурелеген жоқ, үкіметке қарсы сөз айттыңдар, күйеулерінің шет елмен байланыста болған дегендей айыптармен «Алжир» лагеріне айдал әкелген. Сол 1938 жылы Ақмола өнірінде «26 нұктес» аталағын елді мекендердегі түрмеде 5300 тұтқын болса, «Алжирдегі» лагерде 5284 әйел жазасын өтеген. Олармен бірге 1507 жасөспірім бала болған. Кейбірі емшектегі сәбилер. Бір барақта 500-600 әйелден орналастырылған.

** ** **

Аргы тегі бай, жеті атасынан бері ауқатты болған құлақтың тұқымы, түрмеден орын

тапсын», деп арызданатын тасжүректердің беті ашылып, тұр-қияпты жыртқыштық қалыпқа түссе кімді кінәлайсың? Адамды. Кімнің кім екенін байқамаптын, деп екінесің бе? Кеуде қуыс, қараңғы, ешкімнің ішине кіріп шыға алмайсың. Жаныңды қылп түсемтін жалмауыз жаныңда жүреді. Аңдығанын алып тынады, қылбұрауды мойныңа салып тынады. Кімді дейсің бе? Айтальық. Шегініс жасалық. Басқан қадамыңды аңдушы жүр... Оған сен-ген бар, ададығым, адамдығым деп ашық жургені бар... Міне, солардың бірі - Шахзада Аронқызы. Қаратаев әулетінде қовамга болмасын деуши жоқ, жаңаны жарқыратуға, халықтың болашағына, білім-ғылым саласына еңбек етуді мирас еткен. Бірақ, Шахзада оқу орындарынан да қыллады, қызметке дे тұрақтатпайды.

Міңсіз ажарлы. Көрген көз тамсанатын сұлулықты Жаратқан Ием бере салған. Шахзаданың замандастын асып тұрган мінезі, ой-санасы, білімдарлығы сұлулығымен жарасым тапқандай еді. Қазақтың тұңғыш валымдарының бірі лингвист-галым, профессор Телжан Шонановпен жанұя құрып, болашақта іңқерланған кезі еді. Телжан болса екі сөзінің бірінде:

- Ақ тамақ қарлығашым! - дейді екен. Қиялына қиял ілеңстіріп, ақыл, ойын бірлеңстіріп ылымға екеуі де құлап түсті, шөлі қанбайтындағы берілді. Бір үйден екі галым атанаңып бақытты боламыз деді. Жақсылықты құтті. Жастық шақ, ренжісе де, өкінсе де өмірге құлышынғандарда реніш, кектің ізі де қалмайды. Шахзада КазПИ-дың аспиранты, мамандығына, ізденісіне шаң тигізгісі жоқтын. Жүйрік ойы басқадай құдік келтірмейді. Сүйіспендейді де таза, ниеті де адап.

«Бізді ажал ғана айырап», «Ғылым ғана өмірдің сәні де, мәні де» - деп жарқын, жайдарлы қалып танытса да Одақ бойынша әр шаңырақты торып журген қара ниет бар, әуелі шала бол жанып, соңы өртке айналмаса неғылсын. Құдікті сөз құлаққа жетіп жатыр. Сөйтсе де Қенес үкіметінің болашағы ылымға байланысты ғой, бізге тиіспес деп өздерін ажалсыз, пәледен аулақ болатындағы сезінуші еді. Ешкіммен егес-қиястығы да жоқ болатын-ды. Адам, қанша сақ болсаң да сиырын бермей жаныңда жүретін қаскөй ойлы, құңқілмен-ақ іліп түсемтіні, опырып тастайтын, қара дауыл пәлені тауып, өмірінді



Телжан Шонанов



Шахзада Аронқызы

қылышпен қиятын жауыз күш табылады...

НКВД-ның тыңшылары бар. Олардың түр-түсі жұмбақ.

Зұлымдық жолы жасырын ба, жасырын. Білгілікке тынысы тарылатын ба, тарылатын, басынан сөз асырмай іліп түсетеңдер бар ма, бар. 1937 жылдың 4-тамызында Ежов-Берия әрбір республикаға қатаң тапсырыстар беріп жатты.

Республиканың облыс, аудандарындағы НКВД басшыларына: «Белгіленген лимит бойынша үштікке сіздерден ондаган іс қаралады.

Атап айтқанда: 1. Үлтышыл-интеллигенция. 2. Контрреволюцияшыл. 3. Контр-көтерілісшіл. ✓ 4. Панисламист. 5. Саяси сатқын. 6. Бай, капиталистің тұқымы. 7. Діншіл. 8. Отанға опасыздық... т.б. Осылдан басқа істер өзірге қаралмайды. Кейін қосымша лимит күтесіздер! – дегендегі жедел хаттар үштіктің қолына құпия түрде тиеді. Содан-ақ, алашапқын басталады. Ізде, тап, әкеңді болса да аяма, тездеміп үкімін шыгар. Атылattyнын атып, түрмеге қамайтынын қама. Ақталуға дәлел таптырма!? Үштіктің қолына түскендер ақталмайды да, ешкім араша түсе алмайды. Су түбіне кете барады. Мойнына тас байлап қара тереңге байлағандай жоқ етеді. Моласын да таппайтында амал бар, күш бар, заң бар. «Барлық елдердің пролетарлары бірігіндер!» деген ұранды айтасың ба? Ұран бойынша қозамды ақ қардай тазартып, сіңірі шыққан кедейлермен социализм орнатып, одан соң коммунизмге бір-ақ барамыз. Өткен қозамда байлықты ойлап алжасқандарға обал жоқ, үлтышылдығы ескіні аңсау, о да ауыр қылмыс, саяси сатқындық делінеді.

Қара машина, қара күмді, қара мылтықтылар жан алғыштай жалмаңдал қүннің қызылы сeme Телжан Шонановтың үйіне енді. Бірден:

- Үлтышылың ба? Жапон шпиондарымен ауыз жаласып қандай қыргын істемекшісін?

- О не дегеніңіз, мен ғалыммын. Орысты орыс, қазақты қазақ деу үлтышылдық болып па? Төл құжатта бәрі жазылмай ма?

- Ғылымыңды шет елге сатпақшысың ба?

- Шет ел дегенді білмеймін. Өз Отаным үшін... Ұрпақ үшін оқу құралдарын шыгардым, Қазақстан жағрапиясын шыгардым, Социализмге аудай керек.

- Ғылымыңда тіл, діл, дін дейсің бе?

А.Байтұрсыновпен біргілік «Тіл дамыту» атты кітабын жазып шыгарыпсын. Неге орыс тілін бірінші айтпайсың? Үлтышылдық... Қазақтың дейсің. Орысша үгіт қайда, қазақшыл.

- Үлтышын кім айтпайды?

- Діңсіздер бесжылдығын білмейсіз бе? Жорта мүләйімсисің... Сөзді қой, тұтқынсың, қолына кісен сал, - деп танауын көтерген бірі үйді тінтууді бастап кетті. Әршіген әрлік, әмір мен ажал арбасып тұрды. Бұл шайқаста тіл табысу жоқ болар. Қара күмді, қара мылтықты шошаңдатқан үшеу алашавы бардай бөлмелерді тінтип жүріп Шахзаданың алтын, бриллиант, күміс жүзік, білезік, алқа, шолпы сынды қымбат бұйымдарын, тұтыну заттарын, араб әрпімен әдемілеп жазылған кітаптарды тауып алды да:

- Мұнша байлық байдың тұқымында гана болады. Әріптестеріңін арғы тегі хан, бай болған, алтын табақпен ас ішеді деген жазбасы рас екен. Молда болғандары, батыр, жырышы, жырау, би, арабша білетіндері де бар шығар?

Мылтықтың аузына мыңдаған адамның өмірі сыйып кететінін байқап Шахзада үнсіз қалды. Телжанды қолын кісендеп есіктен шыгарып бара жатты, жары Шахзадаға бұрыла қимай қарады. Торғай ақ жауында балапаның қоргайды, қатты нөсерде өз басын қоргайды, дегенді көзбен үқтыру ма еді?

- Дүние, мұлік өздеріндікі ме?

- Ата-бабадан қалған ескерткіш, ешкімнің ала жібін аттаваған жоқтыз. Шындық бар шығар, біреудің жақсан күйесі өзіне жүксын.

- Қансорғыш, кедейді сіңірі шыққанша, арқа еті араша, борбай еті борша болғанша қанаған байдың тұқымымын деп айтуга аузың келіспейді, - деген қара күмдінің бірі тартып алынған заттарға акті жасап қол қойдырып алуға кірісті.

- Оқып қолыңды қой?! - деді мысық мұрт, қылы көз, қарасұр үштіктің бірі. Тұр-сипаты бұзылып, құр сүлдері тұрган Шахзада өткен өмірімен қош айттысқандай, тірлікten жақсылық күтіп ақталып шықпасын білді де

Зұлматтың жылдар

оқымай-ақ қолын қоя салды. Сөйтсе де не жазығымыз бар? - деп баяу үн қатып еді.

- Кедейлер үкіметтіміз... байдың тұқымын құрту міндем екенін білмейсіз бе? Баяғының сұлтаны, ханы, байларының тұқымы болмасаң мұнша байлық үйінде сақталмас еді. Бәлен-түген деп дәлелдеп ақталсаң үй, мүлкін өзіне қайтады, мол қазына, байлық құжатталды, өзіңнің басынды жұтпасын деп тіле?! О дүниенің жақсылығынан үміт ет... Шикіл сары қымбат бұйымдарды жинастырып, автокөлікке тиеп әкетуге алып шықты...

«Әлдінің әлсізді қысуы бар, әлсізді шаңша үшүү бар». Сол айтқандай «ұштіктің» шаруалары түгел. Тұтқындарга жан қайзы. Өзді-өзі әзілдеседі, мырс-мырс күліседі, шылтылар алдында жүздері ызгарлы. Адамда осынша өзгеріс бола береді екен-ау. Ұштік мүшелері тәркіленген қымбат қазынаны құпия тәртіп бойынша банкіге өткізіп, өздеріне аздаған сыйакы алады. Банкі жиналған алтын, күміс, неше түрлі қымбат сәндік бұйымдарды Мәскеудің банкісіне жеткізеді. Халықтың атадан балага қалған мұра, сый, сияптаң бәрі де қозам меншізіне айналады. Ар-намысты ардақтап, ешкімді арқа тұтып көрмеген, біліміне сүйенген, үлкен үміт күткен, гылым жолындағы еңбекін ардақтаган Шахзада 1930 жылы ақпанның бірінде шыққан СССР Халық Комиссарлары Советі мен ЦКВКП(б)-ның бай, кулактар қозамның қауіпті элементі деген қаулысын білмейді. Жұрттың сақтанағанын естіді, бірақ сөзге сене қоймады. «Ұштіктің» соған сүйенген протоколы, ОГПУ-дың бесіншінің протоколы табанда ату, түрмеге үн-түнсіз әкетіп қамау екенін естісе де, білсे де Шонанов шаңырагына зұлмат төнеді деп ойламаған шыгар. Олар елер

алдында туыс, дос, жолдастармен арызdasу, бақылдасуға, тілдесуге де мүмкіндік таппайды. Үндемес деп халық неге атады дейсің. «Ұштік» құжаттары бес, алты бөт парастақ қағаздан аспайды, кінелі болмасаң да кінелісің, жау болмасаң да жаусың, болаттай берік болсаң да үрып, согу, денені сындырып қан қақсату, етінен ет кесу, мының айшызын аударып, айтқанына көндіреді, мойындарады, қол қойдырады. Сосын қысқа жазылған үкім қағазы толтырылады да өлер жерің осы, қақ маңдайдың тұсы деп бір оқпен жөнелтіле салады. Кейбір деректерде он шақты адамды қатар қойып үш-төрт атқыш әрбіреуіне үш оқ жұмсал егер жан тапсыра алмай жатса басынан төртінші рет атқаны жазылған. «Ұштіктің» шешімімен атылуға бұйыргандарды орындаушы қызыл жағалылардың біразы Мәскеуден құпия дайындықтан өтіп келген нағыз қаражурек қанішерлер болған деседі. Сол қанішерлер Шахзаданы 1938 жылы 9-наурызда үсталған бойда атып кеткен. Іс сонымен бітеді. Екінші, ушінші, мыңыншыларына дәл сондай зұлымдық қанқұйлы тәсіл қолданылады. «Ұштіктің» құжатында Телжан Шонановты қазақ интеллигенциясын біріктіріп топ құрып, үкіметке қастандық ойлауши десе, зайыбы Шахзаданы тегі үстем тап, - делінген.. Үкім түрмеге түскен бірінші күнінде орындалуының себебі жетерлік, үйінде галықты да иеленіп қалу залым ойда болмады деймісің. Сонда бәлкім ұштіктің бірі:

- Эйел екіқабат емес пе? - деді ме екен.

- Аяныш білдірсөң өзің бірге атыласың, деуінде де мән бар. Түрлі архив құжаттарында екілік қол қойып үшіншісін атып тастаганы да кездеседі.

Жалғасы бар.
Жоғарыдағы суреттер
Ақтөбе мұрағатынан алынды.

